

Қарағанды-Астана жолын қайта жаңғырту жобасын қаржыландыру үшін Сауд Даму Қорының заемін тарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 31 қазан N 1643

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қарағанды-Астана жолын қайта жаңғырту жобасын (бұдан әрі - жоба) қаржыландыру үшін 45 000 000 (қырық бес миллион) сауд риалынан аспайтын сомаға заем туралы келісім (шарт) жасасу нысанында Сауд Даму Қорының (бұдан әрі - несие беруші) заемін тарту жолымен заңда белгіленген тәртіппен үкіметтік қарыз алу жүзеге асырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірлесіп несие берушімен жобаны қаржыландыру мәселелері бойынша келіссөздер жүргізісін;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан несие берушімен заем туралы тиісті келісім (шарт) жасасын;

тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қаражаттың есебінен тартылатын заемға қызмет көрсетуді және оны өтеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жобаның экономикалық сараптамасын жүргізісін және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне тиісті қорытынды ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі тартылатын заем қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заем туралы келісімге (шартқа) қол қойылғаннан кейін заемның Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкестігі туралы заңи қорытындыны ресімдесін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә. Өтембаевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК